

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы №315-58 /4 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 4 мамырдағы № 328-59/11 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 мамырда № 7422 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 5 тамыздағы № 354-63/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 05.08.2020 № 354-63/2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 315-58/4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7332 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 04 сәуірде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 500 000 теңге, қосымша 500 000 теңге мөлшерінде біржолғы төлем;"

7-тармақ б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) "АИТВ - инфекция" диагнозы бар диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне ай сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінен артық емес."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының
кезектен тыс XXXXXIX
сессиясының төрағасы*

М. Каримбаев

*Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы*

Р. БУХАНОВА

*"КЕЛІСІЛДІ"
"Қызылорда облысының
жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар басқармасы"
мемлекеттік мекемесімен*